

## Темір жол көлігі объектілеріне санитариялық ережелерді бекіту туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2010 жылғы 29 шілдедегі N 563 бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2010 жылғы 23 тамызда Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 6421 болып енгізілді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрінің 2012 жылдың 18 мамырдағы № 362 бұйрығымен

**Ескерту. Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 2012.05.18 № 362 (қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді) бұйрығымен.**

«Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының Кодексінің 7-бабының 1-тармағының 5) тармақшасына, 145-бабының 1), 2), 3), 10), 11), 13), 14), 16), 18), 28) тармақшаларына сәйкес

**Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :**

1 . М ы н а :

1) осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес «Сапарға дайындау кезінде және жол катынасында электр поездары мен дизельді поездарға қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар»;

2) осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес «Локомотив бригадаларының демалыс үйлеріне, бөлмелеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар»;

3) осы бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес «Темір жол вокзалдарына қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық ережелері бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау комитеті (К.С. Оспанов) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді қамтамасыз е т с і н .

3. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Әкімшілік-құқықтық жұмыс департаменті (Ф.Б. Бисмильдин) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін оны ресми жариялауды қамтамасыз етсін.

4. «Темір жол объектілерін күтіп-ұстау және пайдалану бойынша санитарлық-эпидемиологиялық ережелері мен нормаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрі міндетін атқарушының 2005 жылғы 15 тамыздағы № 401 бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2005 жылғы 26 қыркүйекте № 3851 болып тіркелген, «Заң газеті» газетінде 2005 жылғы 4 қарашада № 140-141 (765)

жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

5. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің жауапты хатшысы Б.Н. Садықовқа жүктелсін.

6. Осы бұйрық алғаш ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының  
Денсаулық сақтау министрі  
«К Е Л І С І Л Г Е Н» Ж. Досқалиев

Қазақстан Республикасының  
Көлік және коммуникациялар  
министрі

А. Құсайынов

-----  
2010 жылғы 30 шілде

Қазақстан Республикасының  
Денсаулық сақтау министрінің  
2010 жылғы 29 шілдеде  
№ 563 бұйрығына  
1-қосымша

**«Сапарға дайындау кезінде және жол қатынасында электр  
поездары мен дизельді поездарға қойылатын  
санитариялық-эпидемиологиялық талаптар»  
санитариялық ережесі 1. Жалпы ережелер**

1. Осы «Сапарға дайындау кезінде және жол қатынасында электр поездары мен дизельді поездарға қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық ережелері (бұдан әрі – санитариялық ереже) электр поездары мен дизельді поездарды сапарға дайындау кезінде және жол қатынасында күтіп-ұстауға және пайдалануға, тұтыну қалдықтарын жинауға, адамға әсер ететін физикалық факторлар көздерімен жұмыс жағдайларына, санитариялық-эпидемияға қарсы (профилактикалық) іс-шараларды ұйымдастыруға және өткізуге, электр поездары мен дизельді поездарды сумен жабдықтауға, кәріздеуге, жарықтандыруға және желдетуге, жолсеріктердің медициналық қамтамасыз етілуі мен гигиеналық оқытылуына қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптарды белгілейді.

2. Осы санитариялық ережеде мына термин пайдаланылды:  
моторлы вагонды жылжымалы құрам (бұдан әрі – МВЖК) – жолаушыларды тасымалдауға арналған моторлы вагонды поездар құрылатын (электр поездары, дизельді поездар және автомотристер) моторлы және тіркеме вагондар.

## **2. Сапарға дайындау кезінде МВЖҚ-ны күтіп-ұстауға және пайдалануға қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар**

3. Құрастыру пункттерінде МВЖҚ-ны толық дайындау мен жабдықтау жүргізіледі. Айналым пункттерінде ішінара дайындық жүргізіледі.

4. Құрастыру пункттерінде вагондарды толық дайындау мен жабдықтау мыналарды :

- 1) сыртқы жинауды ;
- 2) дәретханаларды, қоқыс жәшіктерін дезинфекциялық өңдеуді;
- 3) ішкі және санитариялық-техникалық жабдықты жөндеуді;
- 4) желдету, электр пештерді, шатыр үй-жайларын айына бір рет жиілікпен желдетуді және тазалауды ;
- 5) ішкі үй-жайларды ауқымды жинауды;
- 6) алмалы-салмалы мұкамал заттарымен жабдықтауды;
- 7) ауыз су толтыруды қамтиды.

5. Айналым пункттерінде ішінара дайындау мыналарды:

- 1) дәретханалар мен қоқыс жәшіктерін дезинфекциялық өңдеуді;
- 2) салондар мен тамбурларды ағымдық жинауды;
- 3) вагондарды ауыз сумен толтыруды қамтиды.

6. Құрастыру пунктінде МВЖҚ вагондардың сыртын жуу ТҚ-3 көлемінде әрбір техникалық қызмет көрсетуден кейін жүргізіледі (ТҚ-3 аптасына 2 рет жүргізіледі) .

7. Ұйымдастырылған контингентті тасымалдауға арналған вагондар сапарға жөнелтілу алдында және ол аяқталғаннан кейін дезинфекциялауға және дезинсекциялауға жатады .

8. Вагонды сапарға дайындау пункттерінде:

- 1) дәретханаларды, стандартты қоқыс жәшіктерін (құрылымда көзделген) дезинфекциялық өңдеу – құрастыру және айналым пункттеріне келуі бойынша;
- 2) дезинсекциялық өңдеу – айына кемінде бір рет (қолданылатын инсектицидтерге байланысты);
- 3) дератизациялық өңдеу – кеміргіштер, олардың ізі бар болғанда және тапсырыс бойынша ;
- 4) жоспардан тыс дезинфекция және дезинсекция эпидемиологиялық көрсеткіштер бойынша жүргізіледі.

9. Вагондарды жинау арнайы киімде жүргізіледі.

Арнайы киімінің жиынына мыналар кіреді: екі халат, тиісті таңбасы бар ( салон және дәретханаларды жинау үшін бөлек) резеңке қолғаптар.

10. Ылғалды жинау вагонды дезинфекциялық өңдеу аяқталғаннан кейін

Қазақстан Республикасында қолдануға рұқсат етілген жуу құралдарын қолдану арқылы жүргізіледі. Жинау аяқталған соң жинау мүқаммалы мен шүберектер Қазақстан Республикасында қолдануға рұқсат етілген дезинфекциялық құралдармен зарарсыздандырылады. Жинау аяқталғаннан кейін пайдаланылған мүқаммал жуылады және кептіріледі.

11. Вагонның сыртқы және ішкі өңдеуі аяқталған соң вагондар алмалы-салмалы мүқаммалмен, жабдықпен, медициналық көмек көрсетуге арналған дәрі қобдишасымен, сабынмен, дәретхана қағазымен жарақталады. МВЖҚ сапарға жөнелту алдында Қазақстан Республикасында қолдануға рұқсат етілген жуу және дезинфекциялау құралдарымен қамтамасыз етіледі.

12. МВЖҚ құрамына мынадай вагондардың кіруіне жол берілмейді және құрастыру пункттерінде ағытылуы тиіс:

1) сумен жабдықтау, жылыту, желдету, кәріз, электрмен жарықтандыру жүйелерінің жұмысында ақаулары бар;

2) үй-жайлары лас, әйнектері сынған немесе жоқ, терезе жақтаулары жылытылмаған (жылдың салқын және өтпелі мезгілдерінде), есіктері жарамсыз;

3) жәндіктер, кеміргіштер анықталған кезде.

13. Вагонды комиссиялық қабылдау МВЖҚ-ны техникалық қызмет көрсетуі мен күрделі жөндеуі аяқталған соң жүргізіледі.

### **3. Жол қатынасында МВЖҚ-ны күтіп-ұстауға және жабдықтауға қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар**

14. Вагондардағы еріксіз желдеткіш автоматты режимде үзіліссіз жұмыс істеуі тиіс. Желдеткіш жұмыс істеп тұрған кезде вагон салонындағы және дәретханалардағы дефлекторлар ашық болуы тиіс.

15. Жол қатынасында МВЖҚ вагонының жарығын (тәуліктің қараңғы уақытында) және жылуды (жылдың қыс мезгілінде) сөндіруге жол берілмейді.

16. Жол қатынасында МВЖҚ елді мекеннің шекарасында, тұрақтарда тұрған кездегі, темір жол станцияларынан, санаторлық-курорттық және қала маңындағы аймақтардан, туннельдерден, көпірлерден өту кезіндегі жағдайларды қоспағанда ашық болатын дәретхананы пайдалану режимі сақталуы тиіс. Поездың санитариялық аймақтан өтуіне байланысты дәретханалардың алда жабылуы жөніндегі ақпарат алдын ала беріледі. Әр вагонда МВЖҚ жүретін барлық темір жолдар бойынша санитариялық аймақтардың шекаралары туралы ақпарат болуы тиіс.

17. МВЖҚ вагондарын жабық жүйелері бар дәретханалармен жабдықтау кезінде оларды барлық жол бойында және тұрақтарда пайдалануға жол беріледі.

## **2. Сумен жабдықтауға, кәріздеуге, жылытуға, жарықтандыруға және желдетуге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар**

18. Шаруашылық-ауыз су қажеттіліктеріне арналған су органолептикалық, микробиологиялық, химиялық нормативтерге сәйкес болуы тиіс.

19. Суға арналған резервуарлардан, тарату құбырынан және су өткізу шүмектерінен тұратын вагондардың сумен жабдықтау жүйесі жарамды болуы және судың ластануын болдырмауы, резервуарлардан және тарату құбырларынан толығымен суды ағызу және тазалау, жуу, дезинфекциялау мүмкіндігін қамтамасыз етуі тиіс.

20. Суға арналған резервуарлар су деңгейінің көрсеткіштерімен немесе судың біткені туралы сигналы бар құрылғымен жабдыкталады.

21. Сумен жабдықтау жүйесінің резервуарлары мен құбырларында жарамды жылуды оқшаулау болуы тиіс.

22. Вагонның сумен жабдықтау жүйесінің су құю құбырының басы ластанудан қорғалады. Сумен құю шлангілерінің басын жерге сүйретуге жол берілмейді.

23. Вагонның сумен жабдықтау жүйесін дезинфекциялау деполық және күрделі жөндеуден кейін және эпидемиологиялық көрсеткіштер бойынша вагондарды маусымдық техникалық тексеру кезінде жүргізіледі.

24. Ауыз сумен толтыру арнайы су құятын колонкаларда жүргізіледі.

25. МВЖҚ тоқтап тұрған орындарда темір жолдарды және жол араларын қоқыстармен және басқа да қалдықтармен лаптауға, дәретхананы пайдалануға жол берілмейді. Вагондардан шыққан қоқыс МВЖҚ-ның тұратын парктің бетондалған алаңына орнатылған қоқыс салғышқа шығарылады.

26. Жабық типті дәретхана жүйелері бар вагондардағы сұйық қоқысты шығару арнайы көлікпен немесе тартып шығару бойынша стационарлық кешендерде жүргізіледі.

27. Вагондар қысқы және жылдың ауыспалы мезгілінде сыртқы ауа температурасы қосу  $10^{\circ}\text{C}$  және одан төмен кезде жылытылады. Құрамды отырғызуға беру алдында (қысқы және жылдың ауыспалы мезгілінде) вагондардағы ауаның температурасы қосу  $11-15^{\circ}\text{C}$ , жол қатынасында қосу  $22\pm 2^{\circ}\text{C}$  деңгейді ұстап тұруы тиіс.

28. Вагондардағы жылу жүйесі үй-жай салонын, оның белгіленуіне қарамастан біркелкі жылытуды қамтамасыз етуі тиіс.

29. МВЖҚ жылыту аспаптары беттерінің температурасы қосу  $55^{\circ}$ -тан, жылытылатын беттер (жақтаулар, панельдер) – қосу  $45^{\circ}\text{C}$ -тан, аяқ орналасу аймағына берілетін жылытылған ауа қосу  $35^{\circ}\text{C}$ -тан аспауы тиіс.

30. Вагондар жасанды және табиғи жарықпен қамтамасыз етіледі. Жасанды жарықтандыру үшін спектры бойынша күндізгі жарыққа жақын, бейнеленген жарқылды және өткір контрасттар жасамайтын люминесцентті шамдар п а й д а л а н ы л а д ы .

31. Вагон салонындағы жасанды жарық деңгейі еденнен 800 миллиметр ( бұдан әрі - мм) деңгейде және орындық арқалығынан 600 мм арақашықтықта кемінде 150 люкс болуына жол беріледі.

32. Дәретханаларды жарықтандыру – 50 люксті, тамбурларда – 30 люксті қ ұ р а у ы т и і с .

33. Желдеткіш жүйесі жазда секундына 1,67 текше метр (бұдан әрі - м<sup>3</sup>/с) және қыста кемінде 0,55 м<sup>3</sup>/с сыртқы ауаның берілуін қамтамасыз ету үшін үзіліссіз жұмысқа есептелген болуы тиіс.

34. Салон ауасындағы көміртегінің екі тотығы қыс мезгілінде жолаушылары бар орындардағы ауа қозғалысының жылдамдығы секундына 0,2 метр (бұдан әрі – м/сек), жаз мезгілінде ауа баптағыштың жұмысы кезінде 0,25 м/сек болғанда 0,1 %-дан аспауы тиіс. Ауа баптағышы жоқ вагондарда жаз мезгілінде ауа қозғалысының жылдамдығының 0,4 м/с болуына жол беріледі.

35. Желдеткіш арналары герметикалық болуы және вагон шатырының үй-жайында орналасуы тиіс.

## **5. Адамға әсер ететін физикалық факторлардың көздерімен жұмыс жағдайларына қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар**

36. Салондағы шудың деңгейі 75 децибелден (бұдан әрі – дБА) аспауы тиіс.

37. Жолаушылар вагондарындағы дірілдің деңгейі 8 сағаттық әсер кезінде 8000 Герц (бұдан әрі – Гц) жиілікте 64 дБА нормаланған қисыққа тең болуына ж о л б е р і л е д і .

38. МВЖҚ салондары мен машинистері кабиналарындағы инфрадыбыстың рұқсат етілген шекті деңгейлері октава жолағы 2 және 4 Гц жиілік кезінде – 102 дБА; октава жолағы 8 және 16 Гц жиілік кезінде – 99 дБА құрауы тиіс.

39. Машинист кабинасы мен салондағы электромагниттік сәулеленудің рұқсат етілген шекті деңгейлері осы санитариялық ережеге қосымшаға сай гигиеналық нормативтерге сәйкес болуы тиіс.

40. Шу, діріл, инфрадыбыс және электромагниттік сәулелену деңгейлерін өлшеу алдын ала немесе қабылдау, типтік, біліктілік және мерзімдік сынақтар кезінде жүргізіледі.

## 6. Медициналық қаматамасыз етуге, гигиеналық оқытуға қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар

41. Қала маңы қатынасындағы электр поездары мен дизельді поездарының жолсеріктері медициналық тексеруден, гигиеналық оқытудан өтеді.

42. Сапарға шығу алдында және жол қатынасында жолсеріктерде белгіленген үлгідегі жеке медициналық кітапшасы болуы тиіс. Медициналық кітапша болмағанда, медициналық тексеруден, гигиеналық оқытудан өту мерзімі өткенде персонал жұмысқа жіберілмейді.

«Сапарға дайындау кезінде және жол қатынасында электр поездары мен дизельді поездарға қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық ережелеріне қосымша

### МВЖҚ салоны мен машинистері кабинасында электромагниттік сәулеленудің рұқсат етілген шекті деңгейлері

Көрсеткіш атауы, өлшем бірлігі	Рұқсат етілген шекті деңгейлер
1. МВЖҚ машинисінің кабинасында	
Өнеркәсіптік жиіліктің айнымалы магниттік өрістері (50 Гц):	
магниттік өрістің кернеуі, Н, А/м	80
магниттік индукция, В, мк Тл	100
өнеркәсіптік жиіліктің электр өрісі (50 Гц):	
электр өрісінің кернеуі, Е, кВ/м	5
тұрақты магниттік өрістер:	
тұрақты магниттік өрістің кернеуі, Н, кА/м	8
Электростатикалық өріс:	
электростатикалық өрістің кернеуі, кВ/м	20
ЖЭАМК операторының жұмыс орындарында:	
электр өрісі	
(5 Гц-2кГц)	25 В/м
(2-400 кГц)	2,5 В/м
магниттік өріс	
(5 Гц-2 кГц)	250 нТл
(2-400 кГц)	25 нТл
электростатикалық өріс (ЭСС) (экраннан 10 см)	500 В
2. МВЖҚ салонында	
Электр өрісі:	

электр өрісінің кернеуі, E, кВ/м	
0,3-300 кГц жиілігі	25,0
0,3-3 МГц жиілігі	15,0
3-30 МГц жиілігі	10,0
30-300 МГц жиілігі	3,0
(50 Гц) өнеркәсіптік жиілік	0,5
Көрсеткіш атауы, өлшем бірлігі	Рұқсат етілген шекті мәндер
Энергия ағымының тығыздығы (0,3-30 ГГц), мк Вт/см <sup>2</sup>	10,0
Электростатикалық өріс:	
Электростатика өрісінің кернеуі, кВ/м	15

Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы  
Д е н с а у л ы қ                                      с а қ т а у                                      м и н и с т р і н і ң  
2 0 1 0                      ж ы л ғ ы                      2 9                      ш і л д е д е г і  
№                      5 6 3                      б ұ й р ы ғ ы н а  
2-қосымша

**«Локомотив бригадаларының демалыс үйлеріне, бөлмелеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық ережесі 1. Жалпы ережелер**

1. Осы «Локомотив бригадаларының демалыс үйлеріне, бөлмелеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық ережесі (бұдан әрі – санитариялық ереже) жер учаскесін таңдауға, жобалауға, салуға, реконструкциялауға, жөндеуге және пайдалану мен ұстауға енгізуге, шаруашылық-ауыз сумен жабдықтауға, тұрмыстық қызмет көрсету мен тамақтану жағдайларына, тұтыну қалдықтарын жинауға, адамға әсер ететін физикалық фактор көздерімен жұмыс істеу жағдайларына, санитариялық-эпидемияға қарсы (профилактикалық) іс-шараларды ұйымдастыруға және өткізуге, локомотив бригадаларының демалыс үйлерін, бөлмелерін сумен жабдықтауға, кәріздеуге, жарықтандыруға және желдетуге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптарды белгілейді.

2. Осы санитариялық ережеде мынадай терминдер пайдаланылды:

- 1) локомотив бригадасы – локомотивтерге, сондай-ақ моторлы вагонды поездарға қызмет көрсету үшін тағайындалатын жұмыскерлер;
- 2) тіркеу депосы – локомотивтерді тіркеу паркі бар локомотив депосы.

**2. Локомотив бригадаларының демалыс үйлерінің, бөлмелерінің жер учаскесін таңдауға, жобалауға, салуға, реконструкциялауға қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар**



3. Жапсарлас салынған және бөлек тұрған объектілерді салуға және реконструкциялауға арналған жобалау құжаттамасына мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық қызмет органының санитариялық-эпидемиологиялық қорытындысы беріледі.

4. Локомотив бригадаларының демалыс үйлерінің (бұдан әрі – демалыс үйі) құрылысына жаппай серуендеу, мектеп және мектепке дейінгі ұйымдарға, магистральді көшелерге тікелей жақын жерлерден жер учаскесін бөлуге жол берілмейді.

5. Локомотив бригадаларының демалыс уақытын арттыру және өту жолына уақытты қысқарту мақсатында демалыс үйінен депо немесе пункт бойынша кезекшінің үй-жайына дейінгі арақашықтық 1000 метрден (бұдан әрі – м) аспауына жол беріледі.

6. Аумақта автокөлік жүру жолдары және қатты жабыны бар жаяу жүргіншілер жолы болуы тиіс.

7. Демалыс үйін өндірістік ұйымдардың санитариялық-қорғаныш аймағына орналастыруға жол берілмейді.

8. Теміржол полотносы мен өндірістік ғимараттардан санитариялық-қорғаныш аймағы қайнар көздегі шудың нақты деңгейлеріне, жергілікті жер бедері мен демалыс үйі ғимараты құрылымын қоршап тұратын жоспарланған дыбыстық оқшаулаудың есептеуі бойынша жобаны үйлестіру кезінде қабылданады. Санитариялық-қорғаныш аймағының есебінің негізіне жатын бөлмедегі шудың рұқсат етілетін деңгейі алынады. Теміржол полотносынан санитариялық-қорғаныш аймағының ең аз өлшемі кемінде 100 м болуына жол беріледі.

9. Аумақ абаттандырылады, көгалдандырылады. Периметрі бойынша жас көшеттер жолағы көзделеді.

10. Спорт алаңдары санитариялық-тұрмыстық үй-жайлар жағына орналастырылады, осындай орналастыру мүмкін болмаған жағдайда – жатын корпусының терезелерінен оларға дейінгі арақашықтық кемінде 25 м болуына жол беріледі.

11. Жатын бөлмелер мен санитариялық-тұрмыстық үй-жайлар әртүрлі корпустарға орналастырылады. Жатын бөлмелер мен демалыс бөлмелері шудың және дірілдің әсері аз жерлерде орналастырылады.

12. Жатын корпусының әр қабатында қол жуатын бөлме, дәретханалар, жуу мүкаммалын сақтауға арналған үй-жайлар, кезекші персонал бөлмесі, төсек әбзелдерін сақтау бөлмесі (қойма) көзделеді. Қол жуатын бөлмелердегі крандардың саны 10 орынға кемінде бір кран есебінен қабылданады. Әр қолжуғыш ыстық және салқын су араластырғышымен жабдықталады.

13. Санитариялық-тұрмыстық үй-жайлардың құрамында мыналар көзделеді:

киім ілетін орын, себезгі, дәретхана, жинау мұқаммалын сақтау, жуу және кептіруге арналған үй-жай, сыртқы арнайы киімдер мен аяқ киімдерді кептіретін орын, асхана, демалуға арналған үй-жай, дене шынықтырумен айналысуға арналған үй-жай, жылыту пункті, сыртқа тарату камералары бар желдеткіш және ауа баптағыштарға арналған үй-жайлар.

14. Станцияда локомотивтік депо болмаған жағдайда санитариялық-тұрмыстық үй-жайларда локомотив бригадалары есептеушінің бөлмесін орналастыруға жол беріледі.

15. Елді мекенде орталықтандырылған кір жуу орны болмаған жағдайда санитариялық-тұрмыстық үй-жайларда кір жуу бөлмесін жапсарлас салуға жол беріледі. Кір жуу орнын жертөле үй-жайларында орналастыруға жол берілмейді. Кір жуу орнының үй-жай құрамы және жабдықтары коммуналдық мақсаттағы объектілерге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптарға сәйкес қ а б ы л д а н а д ы .

16. Локомотив бригадаларының еңбек процессінде аз қозғалу мен жүктеменің жағымсыз әсерінің алдын алу мақсатында демалыс үйінде дене шынықтырумен айналысуға арналған үй-жайлар көзделеді.

17. Дезинфекциялық камералары жоқ темір жол станцияларында демалыс үйлерін жобалау кезінде жобаны үйлестіру кезінде матрацтарды, көрпелер мен жастықтарды өңдеуге арналған дезинфекциялық камера қондырғысы көзделеді.

18. Шілденің орташа айлық температурасы  $+21^{\circ}\text{C}$  және одан жоғары болатын , жарық жақтауларында адамдар тұрақты болатын аудандарда тұрған демалыс үйлеріндегі инсоляцияны төмендету үшін көкжиек шегінің бағдарына қарай ( оңтүстік-шығыс-оңтүстік-оңтүстік-батыс  $130-315^{\circ}\text{C}$  шегінде) күннен қорғайтын құрылғылармен ж а б д ы қ т а л а д ы .

19. Жатын бөлмелер екі (немесе үш) адамнан тұратын бір бригаданы орналастыру үшін көзделеді. Бөлменің ауданы бір демалушыға кемінде 6 шаршы метр (бұдан әрі –  $\text{м}^2$ ) есебінен айқындалады. Бөлмелер өту жолында болмауы т и і с .

20. Демалыс үйлерін жұмыс істеп тұрған ғимараттарда орналастырған жағдайда жатын бөлмелері шу, діріл көздері орналасқан үй-жайлармен бірге орналастыруға жол берілмейді.

**3. Локомотив бригадаларының демалыс үйлеріне, бөлмелеріне тұрмыстық қызмет көрсету жағдайларына, медициналық қамтамасыз етуге, гигиеналық оқытуға, күтіп-ұстауға және пайдалануға,**

## **жабдықтауға, жөндеуге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар**

21. Киім ілетін орындағы шкафтардың саны демалыс үйіндегі орын санынан кем болмауына жол беріледі. Киім ілетін орындағы кіре берісте санитариялық тораптар, жинау мүкаммалын жуу, кептіру және сақтауға арналған үй-жай, формалық сыртқы киімдерді және аяқ киімдерді кептіруге арналған үй-жай (немесе шкаф), қолжуғыш, шаш кептіруге арналған құрылғы көзделеді.

Вестибюльмен бірге орналасқан киім ілетін орынға кіру тамбур арқылы көзделеді.

22. Ауданы  $4 \text{ м}^2$  кем болатын жинау мүкаммалын сақтауға, жуу мен кептіруге арналған үй-жай ыстық және салқын сумен жабдықтау жүйесімен, оны кептіруге арналған құрылғымен, мүкаммалды сақтауға арналған шкафтармен, жуу және дезинфекциялау құралдарымен жабдыкталады.

23. Себезгілер кабиналармен жабдыкталады. Кабиналардың аракабырғалары ылғалға төзімді материалдан жасалады, әр кабинада салқын және ыстық су араластырғыштар, жуыну құралдарына арналған сөрелер көзделеді.

24. Себезгілер саны 20 адамға 1 себезгі есебінен айқындалады. Себезгілерде орындықтар, ілгіштермен жабдыкталған себезгі бөлмелері көзделеді.

25. Себезгі ыстық және салқын сумен қамтамасыз етіледі. Орталықтандырылған ыстық сумен жабдықтау ажыратылған жағдайда, депода резервті қазандық немесе электрлі су ысытқыш көзделеді.

26. Қолжуғышта ілгіштер, жуыну құралдарына арналған сөрелер, айна, электрлі сүлгі жабдыкталады.

27. Дәретхана бөлек кабиналармен және жеке писсуарлармен жабдыкталады. Әр қабаттағы санитариялық торапта 12 орын есебінен 1 унитаз және 1 писсуар көзделеді. Санитариялық торабқа кірер жерде қол жуғыш, киім ілгіш, электрлі сүлгі және жеке қолдануға арналған таяқшалар орналастырылған тамбур көзделеді.

Дәретхана үшін тиісті таңбалауы бар жеке жинау мүкаммалы бөлінеді және оны сақтайтын орын белгіленеді.

28. Кезекші персоналдың бөлмесі таза төсек әбзелдерін беретін және пайдаланылған төсек әбзелдерін қабылдауға арналған бөлек шкафтармен жабдыкталады.

29. Киім-кешек сақтауға арналған (қойма) екі үй-жайдан тұрады: біреуі – таза киім-кешек сақтауға, екіншісі – кір киім-кешектерді қабылдап, сұрыптауға арналады және сөрелермен, стеллаждармен, ылғалды жинау мен дезинфекция жасауға мүмкіндік беретін жабыны бар, киім-кешек сұрыптауға арналған

үстелдермен

жабдықталады.

30. Кір жуу бөлмесінің санитариялық-тұрмыстық үй-жайлары жеке таңбаланған жинау мүқаммалымен қамтамасыз етіледі, ол арнайы орында немесе үй-жайда сақталады.

31. Киім ілетін орындардың, себезгілердің, себезгіге кіреберістердің, қол жуғыштардың, дәретханалардың, кептіруге арналған үй-жайлардың, таза және кір киім-кешек сақтауға арналған қоймалардың қабырғалары мен арақабырғалығы Қазақстан Республикасында қолдануға рұқсат етілген жуу және дезинфекциялау құралдарын қолданған кезде ылғалды жинауға шыдамды материалдармен қапталады.

Қаптау материалдары улану қауіпсіздігін қамтамасыз ететін санитариялық-эпидемиологиялық талаптарға сәйкес болуы тиіс.

32. Асхананың өндірістік үй-жайларының қабырғалары ылғалды жинау мен дезинфекциялауға мүмкіндік беретін материалдармен қапталады.

33. Спорт үй-жайларының еденінде жылуды аз өткізетін жабындар (паркет, тақтай) болады.

34. Шамшырақтар мен әйнекті терезелердің жақтаулары қорғаныш құрылғылармен жабдықталады.

35. Демалуға арналған кабинеттің төбесі мен қабырғасында жоғары дыбыс оқшаулауы болуы тиіс. Кабинетке кіру есігі тамбур түрінде көзделеді.

36. Әр демалыс үйінде демалушы бригаданы тәулік бойы ыстық тамақпен қамтамасыз етуге арналған асхана көзделеді.

37. Отырғызатын орын саны демалуға келушілердің ең көп орташа сағаттық санынан кем болмауы тиіс.

38. Асхананы пайдалану және күтіп-ұстау, жабдықтау қоғамдық тамақтану объектілерінің санитариялық-эпидемиологиялық талаптарына сәйкес болуы тиіс.

39. Асханада ыдыс жууға жағдай көзделеді.

40. Асхананың кіреберісінде ыстық және салқын су келіп тұратын қолжуғыш орнатылады.

41. Демалыс бөлмелері орналасқан ғимаратта тәулік бойы жұмыс істейтін асхана (буфет) болмаған жағдайда тамақ ішу бөлмесі орналастырылады.

Тамақ ішу бөлмесінің ауданы әр келушіге  $1 \text{ м}^2$ , бірақ кемінде  $12 \text{ м}^2$  есебінен айқындалады. Тамақ ішу бөлмесі қол жуғышпен, газ плитасымен немесе электр плитамен, тоңазытқышпен, тамақ қалдықтарына арналған қақпақты шелекпен, таңбаланған бөлек жинау мүқаммалымен, асхана ыдыстары жиынымен жабдықталады.

42. Жатын бөлмеде демалу үшін қажетті жиһаз орнатылады.

43. Жатын бөлмелердің терезелерінде күннен қорғайтын пердемен

жабдықталады. Терезелердің желкөздеріне, фрамугтеріне жазғы мезгілде тор  
с а л ы н а д ы .

44. Демалыс үйі бір тәуліктегі демалушылардың ең көп санына сәйкес келетін мөлшерде төсек әбзелдерімен қамтамасыз етіледі. Кір төсек әбзелдерін жинау таңбаланған қаптарда жүргізіледі.

45. Ауысымдық аяқ киім әр қолданыстан соң Қазақстан Республикасында қолдануға рұқсат етілген дезинфекциялау құралдарымен өңделеді.

46. Жатын корпусының әр қабатында шаңсорғыш және тұрмыстық тоңазытқыш болуы тиіс.

47. Ғимараттар мен үй-жайларға ағымдық жөндеу жылына кемінде бір рет жүргізіледі, қысқы мерзімде жылыту материалдарымен қапталады.

48. Үй-жайларға ылғалды жинау күнделікті жүргізіледі. Дәретханалардағы, қол жуғыштардағы және себезгідегі едендер мен санитариялық-техникалық құралдар Қазақстан Республикасында қолдануға рұқсат етілген жуу және дезинфекциялау құралдарын пайдалану арқылы жуылады. Жинау мұқаммалы таңбаланады және әр жинаудан соң кейіннен жуу және кептіру арқылы залалсыздандырылады.

49. Демалыс үйінің үй-жайларында жоспар бойынша және эпидемиологиялық көрсеткіштер бойынша дезинфекциялау, дератизациялау, дезинсекциялау іс-шаралары жүргізіледі.

50. Төсек әбзелдері: жастықтар, матрацтар, көрпелер және жамылғылар жылына кемінде бір рет камера әдісімен дезинфекциялануға; төсек әбзелдері - әр пайдаланылғаннан кейін жуылуға; жамылғы – айына кемінде бір рет; жастықтар мен матрацтардың тыстары – жылына кемінде бір рет жуылуға жатады.

51. Темекі тарту үшін арнайы жабдықталған орын бөлінеді.

52. Демалыс үйінің үй-жайларын жатақханаға, өндірістік және қоғамдық кабинеттерге беруге жол берілмейді.

53. Демалыс үйіне, бөлмесіне «Объектіге және көлік құралына санитариялық паспорт беру, есепке алу және жүргізу ережесін белгілеу туралы» Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрінің 2009 жылғы 18 қарашадағы № 731 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5899 болып тіркелген) сәйкес санитариялық паспорт беріледі.

54. Машинистерге қызмет көрсетумен және тамақтандырумен байланысты жұмыскерлер медициналық қызмет көрсету мен гигиеналық оқытудан өтудің санитариялық-эпидемиологиялық талаптарға сәйкес медициналық тексеруден, гигиеналық оқытудан өтеді.

**4. Аумақты күтіп-ұстауға, тұтыну қалдықтарын жинауға, сумен жабдықтауға, кәріздеуге, жылуға, жарықтандыруға, желдетуге,**

## **адамға әсер ететін физикалық фактор көздерімен жұмыс істеу жағдайларына қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар**

55. Қоқыстарды жинау үшін қақпақты контейнерлер орнатылады. Контейнерлер жатын корпусының терезесінен, спорт алаңдарынан кемінде 25 м қашықтықта асфальттанған немесе бетондалған қоршалған алаңда орналастырылады.

56. Аумақты жинау жұмыстары күнделікті және қажеттілікке қарай жүргізіледі.

57. Қоқыс аумақтан контейнерлер көлемінің 2/3 артық толмаған кезде шығарылады. Контейнерлер Қазақстан Республикасында қолдануға рұқсат етілген жуу құралдарын қолдану арқылы тазартылады және жуылады.

58. Аула ішілік дәретханалар демалыс үйінен кемінде 20 м және 100 м аспайтын арақашықтықта орналастырылады.

59. Шаруашылық-ауыз су қажеттілігі үшін пайдаланатын су шаруашылық-ауыз сумен жабдықтауға қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптарға жауап беруі тиіс.

60. Орталықтандырылған сумен жабдықтау ажыратылған жағдайда ауыз су қорына арналған резервуар көзделеді. Ауыз суға арналған резервуар тазартылады, дезинфекцияланады.

61. Адамдар тұрақты болатын үй-жайларда табиғи жарықтандыру көзделеді. Барлық өндірістік және көмекші үй-жайлар жасанды жарықпен жабдыкталады.

Жарықтандыру аспаптары ластанудан уақтылы тазартылады, істен шыққан шамдар ауыстырылады. Ылғалды және сулы режимдегі үй-жайлардағы шамшырақтар қорғаныш плафондармен герметикалық түрде жабылады.

Жатын бөлмелерінде жалпы жасанды жарықпен қатар табиғи жарық қамтамасыз етіледі.

62. Демалыс үйінің үй-жайлары үй-жайлардағы микроклиматтың жол берілген гигиеналық нормативтерін және жыл мезгіліне байланысты ауа алмасу жиілігін қамтамасыз ететін жылу, желдету және ауа баптау жүйелерімен жабдыкталады.

63. Сыртқа тарату желдеткішін орнату кезінде әр жатын бөлмеге ауа 2,5 м биіктікте қабырғаның ішкі жағынан орналасқан желпуіш түріндегі реттейтін тор арқылы беріледі. Бір демалушыға берілетін ауаның көлемі сағатына 40 текше метрді (бұдан әрі – м<sup>3</sup>) құрайды. Жылдың салқын мезгілінде сыртқы ауаны жылыту көзделеді.

64. Ыстық климатты аудандарда үй-жайды ауамен баптау кезінде бір адамға сыртқы ауаны беру көлемі ауа ылғалдығы, сондай-ақ ғимарат құрылымын қоршайтын жылу оқшауландырғыш есебінен қабылданады. Ішкі ауаның

есептелген температурасы 26°С кұрайды.

65. Дене шынықтырумен айналысуға арналған үй-жайларда бір дене шынықтырумен айналысатын адамға кемінде 80 м<sup>3</sup>/сағ көлемде сыртқы ауаны беру көзделеді. Ауа қозғалысының жылдамдығы секундына 0,25 метрден аспауы тиіс.

66. Асхананың барлық үй-жайларында жылдың салқын мерзімдерінде сыртқы ауаны жылыта отырып, ауа алмастыру желдеткіші және асхана плитасының үстінде сыртқа тарату желдеткіші көзделеді.

67. Желдеткіш жабдығы бар үй-жайлардың төбелері мен қабырғалары, сондай-ақ ауа тарату арналары дыбыс төмендететін материалдан жасалады.

68. Электрлі моторлар діріл оқшауландырғыш негізге орнатылады.

69. Локоматив бригадасының демалыс үйінің барлық үй-жайларындағы терезе жақтауларында фрамугалар көзделеді.

70. Жатын бөлмесін дәлізден бөліп тұратын жатын бөлмелерінің қабырғалары қоршаған орта шуының енуін төмендету үшін шуды төмендететін материалдардан жасалады, есіктерде тығыздаушы қабат, терезелерде бөлек қапсырмалар болуы тиіс.

71. Жатын корпусының жатын бөлмелері мен дәліздерінің едендері кілем алашаларымен немесе арнайы дыбыс төмендететін материалмен жабылады.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы  
Д е н с а у л ы қ с а қ т а у м и н и с т р і н і ң  
2 0 1 0 ж ы л ғ ы 2 9 ш і л д е д е г і  
№ 5 6 3 б ұ й р ы ғ ы н а  
3-қосымша

## **«Темір жол вокзалдарына қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық ережесі**

### **1. Жалпы ережелер**

1. Осы «Темір жол вокзалдарына қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық ережесі (бұдан әрі – санитариялық ереже) темір жол вокзалдарының жер учаскесін таңдауға, жобалауға, салуға, реконструкциялауға, жөндеуге және пайдалануға енгізуге және күтіп-ұстауға, шаруашылық-ауыз сумен жабдықтауға, тұрмыстық қызмет көрсету мен тамақтану жағдайларына, тұтыну қалдықтарын жинауға, адамға әсер ететін физикалық факторлар көздерімен жұмыс істеу жағдайларына, санитариялық-эпидемияға қарсы (профилактикалық) іс-шараларды

ұйымдастыруға және өткізуге, сумен жабдықтауға, кәріздеуге, жарықтандыруға және желдетуге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптарды белгілейді.

2. Осы санитариялық ережеде мынадай термин пайдаланылды:  
темір жол вокзалы (бұдан әрі – вокзал) – бір станцияда орналасқан және құрамына: ғимараттар мен павильондар, жолаушылар платформалары, вокзал өткелдері кіретін құрылыстар мен құрылғылар кешені.

## **2. Темір жол вокзалдарының жер учаскесін таңдауға, жобалауға, салуға, реконструкциялауға қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар**

3. Вокзал ғимаратын салуға жер учаскесін бөлу, орналастыру, құрылысына арналған жобалау құжаттамасын бекіту, қайта тұрғызылған және реконструкцияланған ғимаратын пайдалануға енгізу санитариялық-эпидемиологиялық қорытындысы болған кезде жол беріледі.

4. Аумақ абаттандырылады, көгалдандырылады және жауын-шашын кәрізіне жаңбыр суы мен еріген суды ағызу есебімен жобаланады. Көлік кіретін жолдар, жаяу жүргінші жолдары, тиеу-түсіру алаңдары асфальтталады.

5. Темір жол саны екіден көп болғанда немесе қозғалыс жиілігі сағатына төрт поездан астам болғанда вокзал ғимараты мен платформа арасында жаяу жүргіншілер көпірі, тоннельдер немесе жабық галереялар жабдыкталады.

6. Есептелген сыйымдылығы 700-1500 адамға дейін және одан да артық болатын вокзал үй-жайларының құрамында мыналар көзделеді:

1) бала мен ана бөлмесі (бұдан әрі – БМАБ), жолаушылардың ұзақ демалатын бөлмесі (бұдан әрі – демалыс бөлмесі), қоғамдық тамақтану және сауда, тұрмыстық қызмет көрсету объектілері;

2) техникалық персоналға арналған санитариялық-тұрмыстық үй-жайлар;

3) жинау мүкаммалын, шағын механикаландыру құралдары мен жабдықтарды сақтауға арналған қойма үй-жайлары;

4) медициналық пункт (бұдан әрі - медпункт), санитариялық-карантиндік пункт (бұдан әрі – СКП).

7. Жолаушылардың күту залдары жерүсті қабаттарында орналастырылады, жолаушыларға қызмет көрсететін үй-жайлармен тікелей байланысқан болады, вокзал алды алаңы мен перрондарына ыңғайлы қатынасы болады.

8. Барлық үй-жайлардың қабырғалары мен едендері Қазақстан Республикасында қолдануға рұқсат етілген жуу және дезинфекциялау құралдарын қолдана отырып, ылғалды жинауға төзімді материалдардан жасалады.

Пайдаланылатын әрлеу материалдары токсикологиялық қауіпсіздікті



камтамасыз етуге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптарға сәйкес болуы тиіс.

9. Аспалы төбелердің қаңқасы мен қабырғаларды әрлеу дыбыс өткізбейтін материалдан дайындалады.

10. Бір кассирге ауданы 6 шаршы метр (бұдан әрі – м<sup>2</sup>) болатын билет кассаларының алдында ауданы кемінде 6 м<sup>2</sup> болатын бос аймақ көзделеді. Кассаларда еңбек жағдайларына қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптарға сәйкес сыртқа тарату желдеткіші, табиғи және жасанды жарық болады. Касса терзелері жел соғудан қорғайтын қондырғымен жабдықталады.

11. Медпункт бірінші қабатта орналасады және вокзалдың ішіндегі үй-жайларға, перронға шығу есігі болады. Перрон жақтан медпунктке арнайы автокөліктердің кіруі үшін қолжетімділік көзделеді. Үй-жайлар жиынына изолятор кіреді. Есіктердің ені және оларды орналастыру зембілдермен өтуді қамтамасыз етуі тиіс.

12. СКП бірінші қабатта орналасады.

13. Стационарлық жүк сақтау қоймалары бірінші қабатта немесе жертөле үй-жайларында орналастырылады.

14. Вокзал үй-жайлары мен жабдықтарды орналастыру мүгедектер мен аз қозғалатын мүгедектердің жүруі үшін ыңғайлы болуы тиіс.

15. Бойлерде, ауа баптау камераларында, желдету камераларында және діріл мен шу көздері бар басқа үй-жайларда дыбыстан оқшаулау және дірілден оқшаулау көзделеді.

16. Дәретханалар унитаздары бар жеке кабиналармен жабдықталады. Мүгедектер үшін тұтқалармен жабдықталуы тиіс, ұзындығы 2,3 м, ені 1,55 м, унитаздан қабырғаға дейінгі қашықтық кемінде 0,8 м, есіктің ені 0,9 м болатын арнайы кабиналар көзделеді.

17. Дәретхана бөлмесінде: әрбір 4 унитазға кемінде 1 қолжуғыш және 1 электрлі сүлгі болуы тиіс.

18. Унитаздардың саны вокзалдың сыйымдылығына сәйкес есептеледі. Ерлер дәретханаларындағы писсуарлардың саны унитаздардың санына тең көзделеді. Әйелдер дәретханалары әйелдер гигиенасы бөлмесімен (кабинасымен) жабдықталады.

**3. Темір жол вокзалының тұрмыстық қызмет көрсету жағдайларына, медициналық қамтамасыз етуіне, гигиеналық оқытуға, күтіп-ұстауға және пайдалануға, жабдықтауға, жөндеуге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар**

19. Күту залдарындағы жиһаз (диван, креслолар, орындықтар) залдарды шағын механикаландыру құралдарымен жинау мүмкіндігін ескере отырып орналастырылады. Дивандардың жеке орындықтарының өлшемі арқалығының биіктігі кемінде 820 миллиметр (бұдан әрі - мм), отыратын орындықтың ені кемінде 615 мм, орындықтың еденнен биіктігі кемінде 435 мм болуы тиіс.

20. Техникалық персоналға арналған үй-жайлар, сору желдеткішімен, ыстық және салқын су келіп тұратын кранмен жабдықталады; шүберектер мен мұкамалдарды жууға арналған сыйымдылық, жинау мұкаммалына арналған кептіру шкафы болуы тиіс. Үй-жайларда судың ағуына арналған тормен, құм аулағышпен және гидравликалық қақпақпен жабдықталған трап көзделеді.

21. Вокзалдың техникалық персоналы (бұдан әрі – техперсонал) үшін тұрмыстық үй-жайлар (киім ілетін орын, тамақ ішуге арналған бөлме) көзделеді.

22. Медпункттерде, БМАБ, демалу бөлмелерінде, дәретханаларда, темекі шегуге арналған үй-жайларында және басқа да үй-жайларда жыл сайын ағымдық ж ө н д е у жү р г і з і л е д і .

23. Вокзалға кіретін есіктің алдында аяқ киімді тазартуға арналған торлар о р н а т ы л а д ы .

24. Жолаушылардың күту залдарын ағымдық жинау тәулігіне кемінде төрт реттен кем емес және қажеттілігіне қарай жүргізіледі.

25. Вокзалдың ғимаратында жинау мұкаммалын сақтауға арналған орын б ө л і н е д і .

Жинау мұкаммалы таңбаланады. Дәретхананы жинауға арналған жинау мұкаммалын басқа үй-жайларды жинау үшін пайдалануға жол берілмейді.

26. Вокзалдың үй-жайларында Қазақстан Республикасында рұқсат етілген құралдарды қолдана отырып дезинфекциялау, дезинсекциялау, дератизациялау і с - ш а р а л а р ы жү р г і з і л е д і .

27. Жолаушыларға қызмет көрсетумен және оларды тамақтандырумен байланысты вокзалдың және ұйымның жұмыскерлері медициналық тексеруден, гигиеналық оқытудан өтеді.

#### **4. Аумақты күтіп-ұстауға, тұтыну қалдықтарын жинауға, сумен жабдықтауға, кәріздеуге, жылуға, жарықтандыруға, желдетуге, адамға әсер ететін физикалық фактор көздерімен жұмыс істеу жағдайларына қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар**

28. Вокзалдың отырғызу перрондарында, платформаларында күнделікті және қажеттілігіне қарай қоқыстан тазартылатын урналар көзделеді.

29. Транзиттік жолаушылар поездарынан қоқыс жинау үшін перронда екі вагонға бір контейнер есебінен анықталатын қақпақты контейнерлер орнатылады

30. Вокзалдың аумағында қоқыс жинау үшін қақпақты контейнерлер орнатылады. Контейнерлер қоршауы бар асфальтталған немесе бетондалған алаңдарда орнатылады. Қоқыс жинау алаңы вокзал ғимаратынан, азық-түлік сауда, қоғамдық тамақтану объектілерінен, тұрғын үйлерден кемінде 25 м қашықтықта орналастырылады.

31. Қоқыс контейнерлер көлемінің 2/3 артық емес толуына қарай аумақтан шығарылады. Контейнерлер Қазақстан Республикасында қолдануға рұқсат етілген жуу құралдары қолданыла отырып, тазартылады және жуылады.

Урналар мен контейнерлерді жуу және дезинфекциялау кәрізге ағатын ағысы бар бетондалған немесе асфальтталған арнайы алаңда жүргізіледі.

32. Аумақты жинау күнделікті және қажеттігіне қарай жүргізіледі.

33. Тұрмыстық-шаруашылық және ауыз су қажеттілігі үшін пайдаланатын су шаруашылық-ауыз сумен жабдықтауға қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптарға жауап беруі тиіс.

34. Жолаушыларды және қызмет көрсететін персоналды ауыз сумен қамтамасыз ету үшін ыңғайлы орындарда су тарату крандары, ауыз су бұрқақтары немесе сатураторлық қондырғылар көзделеді.

35. Перрондар мен платформаларда суғару және аумақты ылғалды жинау үшін техникалық су құбырлары көзделеді.

36. Орталықтандырылған су құбыры мен кәрізі жоқ темір жол вокзалдарында вокзал ғимаратынан 50 м қашықтықта су өткізбейтін шұқырлы аулалық дәретхана орнатылады.

37. Жолаушылар вокзалдарының үй-жайлары ауаның және ауа алмасу жиілігінің тиісті микроклиматтық параметрлерін қамтамасыз ететін жылыту, желдету және ауа баптау жүйелерімен жабдыкталады.

38. Барлық сырттан кіретін жерлер ауа-жылу пердесі немесе жылытылатын тамбурлармен жабдыкталады.

39. Адам болатын аймақтағы ауа қозғалысының жылдамдығы қыста секундтына 0,3 метрден аспауы тиіс.

40. Ауаны жинау құрылғысы оған лас ауа, газ, су енуін болдырмайтын орындарда орналастырылады.

41. Рециркуляцияланған ауа шаңсыздандыру мен зарарсыздандыру сүзгілерінің, сыртқа тарату-шаңсыздандыру сүзгілерінің көмегімен тазартылады.

42. Жолаушылардың тыныс алу аймағындағы ауадағы шаңның шоғырлануы 0,5 миллиграмм шаршы метрден, көмір қышқыл газының шоғырлануы 01 %-дан аспауы тиіс.

43. Сыртқа тарату және сору желдеткіш жүйелерінің фрамугаларын, торларын орналастыру үй-жай ішінде бір қалыпты ауа алмасуды және

бөлмелерге жел соғу мүмкіндігін қамтамасыз етуі тиіс. Ауаның салыстырмалы ылғалдылығы 30-60% шамасында болуына жол беріледі.

44. Желдеткіштің механикалық сыртқа тарату жүйесі жаз мезгілінде сағатына бір адамға кемінде 30 м<sup>3</sup> және қыс пен өтпелі мезгілде сағатына кемінде 20 м<sup>3</sup> сыртқы ауаны табиғи желдетумен үй-жайға енгізуді қамтамасыз етуі тиіс. Табиғи жарығы жоқ жерасты және жерүсті үй-жайларына жылдың барлық мезгілдерінде кемінде 60 м<sup>3</sup>/сағ., билет кассаларында бір кабинаға кемінде 100 м<sup>3</sup>/сағ. берілуі тиіс.

45. Адамдар тұрақты келетін үй-жайларда табиғи жарықтандыру көзделеді. Барлық өндірістік және көмекші үй-жайлар жасанды жарықтандырумен жабдықталады.

Вокзалдар үй-жайларындағы және ашық кеңістіктердегі жарықтандыру аспаптары уақтылы тазартылады, істен шыққан шамдар ауыстырылады.

Ылғалды және сулы режимдегі үй-жайлардағы шамшырақтар қорғаныш плафондары бар герметикалық түрде жабылады.

46. Терезе және терезе әйнекшелері ашылуы және жақтау аралықтарын жуу үшін ыңғайлы болуы, фрамугаларды ашуға арналған құрылғысы болуы тиіс.

47. Апаттық жарықтандыру вокзалдың мынадай үй-жайларында көзделеді: вестибюльдерде, жаяу жүргіншілер тоннельдерінде, дәліздер мен баспалдақтарда; бір мезгілде 100-ден астам адам болатын бөлек үй-жайларда; БМАБ үй-жайларында, демалыс бөлмелері мен медициналық пункттерде.

48. Апаттық жарықтандыру кезінде еденге 1 люкстен кем емес жарыққа жол беріледі.

49. БМАБ жатын бөлмелерінде және демалыс бөлмелерінде кезекші жарық көзделеді.

50. Күту залының терезелері күннен қорғайтын құрылғылармен немесе күннен қорғайтын жамылғымен жабдықталады.

## **5. Бала мен ана бөлмесін және жолаушылардың ұзақ демалатын бөлмесін күтіп-ұстауға және пайдалануға, жабдықтауға қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар**

51. БМАБ вокзалдың шуы аз және оқшауланған жерүсті бөлігінде орналастырылады және жатын мен ойын үй-жайларынан құралады.

Бір жатын бөлмедегі орын саны төрттен аспауына жол беріледі.

52. БМАБ-де баланы құндақтау үстелдері, бала кереуеттері, ересектерге арналған кереуеттер немесе дивандар орнатылады.

53. БМАБ-де тамақ ішуге және киім үтіктеуге арналған бөлме, себезгі кабинасы, кептіргіш шкафы бар кір жуу бөлмесі, балаларға және үлкендерге

арналған бөлек кабиналармен санитариялық тораптар, қол жуғыш раковинасы көзделеді.

54. БМАБ-ның жатын және ойын бөлмелерінің терезелерін ас үй және дәретхана терезелерінің үстіне орналастыруға жол берілмейді.

55. БМАБ және жолаушылардың демалыс бөлмелері сыртқы киімдерді сақтау үшін жеке шкафтары бар киім ілетін орынмен, кереуеттермен, тумбалармен, үстелдермен, орын санына байланысты креслолармен (орындықтармен), шамшырақтармен, айнамен, қажетті ыдыс-аяқтармен жабдықталады.

56. Демалушы төсек әбзелдер жиынымен (матрац, тысы бар жастық, көрпе, жамылғы, жастық тыс, бір немесе екі ақ жайма және көрпетыс, сүлгі) қамтамасыз етіледі. Бір рет пайдаланылатын төсек әбзелдерін қолдануға жол берілмейді.

57. Төсек әбзелдері мыналар: жастықтар, матрацтар, көрпе мен жамылғылар ластануына байланысты химиялық тазартуға және жылына кемінде бір рет камералық әдіспен дезинфекциялануға жатады; төсек әбзелдері әр пайдаланылғаннан кейін жуылады; жамылғылар айына кемінде бір рет жуылады; жастықтар пен матрастардың тысы жылына кемінде бір рет жуылады.

58. Таза және пайдаланылған төсек әбзелдерін, персоналдың арнайы киімі мен жеке киімдерін (таңбаланған қапшықтарда) сақтау үшін бөлек шкафтар көзделеді.